

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРЕЛДІ

Кафедра меңгерушісі

тех. ғыл. магистрі

_____ Н.К.Кызылбаев

«___» _____ 2019ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Павлодар қаласындағы ресторан»

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған:

Сәбит Д.С.

Пікір беруші

Ғылыми жетекші

тех. ғыл. кандидаты

тех. ғыл. кандидаты

_____ Джарылкасынов С.Ш.

_____ Жамбакина З.М.

(қолы)

(қолы)

«___» _____ 2019ж.

«___» _____ 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Сәбит Дәулет Сәбитұлы

« Павлодар қаласындағы ресторан »

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Т.К.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты
Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы
5B072900 – Құрылыс мамандығы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

тех.ғыл.магистрі

_____ Н.К.Кызылбаев

«___» _____ 2019ж.

Дипломдық жоба орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы Сәбит Дәулет Сәбитұлы

Тақырыбы «Павлодар қаласындағы ресторан»

Университет ректорының «13» наурыз 2019ж. № 1827-б - бұйрығымен бекітілген. Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «22» мамыр 2019ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Павлодар қаласы, ғимараттың конструктивтік жүйесі – негізгі көтергіш қабырға, іргетас – темірбетонды, қабатаралық жабын – тұтас құймалы темірбетоннан, сыртқа қабырға – газоблок.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1.Сәулеттік-құрылыстық бөлімі бойынша, құрылыс ауданының сипаттамалары, көлемдік жоспарлық шешімдер, сәулеттік-конструктивтік шешімдер, сыртқы қабырға мен жабынның жылутехникалық есебі, ғимаратты инженерлік жабдықтау; 2. Есептік конструктивтік бөлімі: жүктемелерді жинақтау, темірбетон элементтерін құрастыру, есептеу, арматурасын тағайындау; 3. Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі, жұмыстар көлемін анықтап, машина санын есептеу, құрылыстың күнтізбелік жоспарын құру; 4. Құрылыс экономикалық бөлімі: жергілікті және объектілік сметаларды есептеу; 5. Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі.

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимарат қасбеті, қималар, түйіндер, спецификация, жоспар – 3 парақ;
2. Арқалықтың арматуралануы, спецификациялары – 1 парақ;
3. Жер асты жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстың бас жоспары – 4 парақ.

Ұсынылған негізі әдебиет: ҚР НТҚ 01-01-3.1(4.1)-2017 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер», ҚР ҚНжЕ 2.01.07 - 1985 «Жүктемелер мен әсерлер», ҚНжЕ 2.02.05-2002 «Ғимараттар мен үймереттердің өртке қауіпсіздігі».

Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Білім атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Сәулеттік-құрылыстық бөлім	18.02 - 01.03.2018ж.	
Есептік-конструктивтік бөлім	03.03 - 15.03.2018ж.	
Құрылыстың технологиясы мен ұйымдастыру және еңбекті қорғау бөлімі	25.03 - 10.04.2018ж.	
Құрылыс экономикасы бөлімі	11.04 - 24.04.2018ж.	
Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	25.04 - 30.04.2018ж.	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтанба қойылған күні	Қолы
Сәулеттік-құрылыстық бөлім	Жамбакина З.М. тех. ғыл. кандидаты		
Есептік-конструктивтік бөлім	Жамбакина З.М. тех. ғыл. кандидаты		
Құрылыстың технологиясы мен ұйымдастыру және еңбекті қорғау бөлімі	Жамбакина З.М. тех. ғыл. кандидаты		
Құрылыс экономикасы бөлімі	Жамбакина З.М. тех. ғыл. кандидаты		
Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	Жамбакина З.М. тех. ғыл. кандидаты		
Норма бақылаушы	Козюкова Н. В. тех. ғыл. магистрі		

Ғылыми жетекшісі _____ Жамбакина З.М.
(қолы)

Студент тапсырманы орындауға
кабылданды _____

(қолы)

Күні «___» _____ 2019ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыстың тақырыбы «Павлодар қаласындағы ресторан».

Ресторан Павлодар қаласында Тәуелсіздік даңғылы мен Толстой көшелерінің қиылысында орналасқан. Ғимарат негізгі көтергіш газоблок қабырғадан тұрады. Жоба кезінде қабылданған барлық шешімдер құрылыс нормаларына сай алынған.

Дипломдық жоба негізгі 5 бөлімнен және 8 сызбадан құралған. Лира бағдарламасынан алынған қосымша мәліметтер, жер асты жұмыстарының калькуляциясы, смета нәтижелері «қосымшалар» бөлімінде көрсетілген. Жоба салыстырмалы түрде экономикалық тиімді жақтары қарастырылып жобаланған. Жобаның сметалық құны – 187 346 мың теңге, құрылыс ұзақтығы – 139 күн.

АННОТАЦИЯ

Тема дипломной работы «Ресторан в городе Павлодар».

Ресторан расположено в г. Павлодар на пересечении прос. Тауелсиздик и ул. Толстого. Здание состоит из несущей наружной стены газоблока. Все принятые в ходе проекта решения приняты в соответствии со строительными нормами.

Дипломный проект состоит из 5 основных разделов и 8 чертежей. Дополнительные сведения, полученные из программы «Лира», калькуляция подземных работ, результаты смет указаны в разделе «приложения». Проект спроектирован относительно экономически выгодными сторонами. Сметная стоимость проекта – 187 346 тыс. тенге, продолжительность строительства – 139 дня.

ABSTRACT

The theme of the thesis "restaurant in the city Pavlodar".

The restaurant is located in Pavlodar at the intersection of Tauelsizdik avenue and Tolstoi street. The building consists of a bearing outer wall of the gas block. All decisions taken in the course of the project were made in accordance with the construction standards.

Diploma project consists of 5 main sections and 8 drawings. Additional information obtained from the program "Lira", calculation of underground works, the results of estimates are listed in the section "applications". The project is designed by relatively cost-effective parties.

Estimated cost of the project – 187 346 thousand tenge, the construction time is 139 days.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Сәулетік – құрылыстық бөлім	8
1.1 Жалпы мәліметтер	8
1.2 Көлемдік-жоспарлық шешімдер	9
1.3 Ғимарат қасбетінің композициялық шешімдері	10
1.4 Сәулеттік-конструктивтік шешімдер	10
1.5 кoнcтрукциялардың жылутехникалық есебі	11
2 Есептік-конструктивтік бөлім	16
2.1 Жүктемелерді жинау	16
2.2 Арқалықты есептеу	19
3 Құрылыс өндірісінің технологиясы	25
3.1 Ғимараттың жер асты бөлімін тұрғызу	25
3.1.1 Жер жұмыстарының көлемін анықтау	25
3.1.2 Жер жұмыстарын жүргізу бойынша құрылыс машиналарын таңдау	27
3.1.3 Шұңқыр қазу бойынша топырақты тасымалдау, жүк көтергіш машиналарды таңдау	29
3.2 Ғимараттың жер үсті бөлігін тұрғызу	32
4 Экономикалық бөлім	34
5 Еңбек қорғау	35
ҚОРЫТЫНДЫ	37
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	38
Қосымшалар	40

КІРІСПЕ

Құрылыс адам шығармашылығының негізгі нысандарының бірі болып табылады.

Құрылыс - өндірістің негізгі қорлары (өнеркәсіптік кәсіпорындар, энергетикалық кешендер, жолдар, магистральдық құбырлар және т.б.) және өндірістік емес (тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, қонақ үй кешені және т.б.) құрылатын материалдық өндіріс саласы.

Құрылыс сондай-ақ осы ғимараттар мен құрылыстардың құрылысы, оларды кейіннен жөндеу, реконструкциялау, айырбастау, кепілдікті пайдалануды қоса алғанда, өндіріс процесін білдіреді.

Күрделі құрылыс - бұл ғимараттар мен құрылыстарды техникалық қайта жарақтандыру, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарымен жаңа құрылыс, қайта құру және кеңейтуді қамтитын жалпы термин.

Жалпы алғанда, құрылыс - тұрақты дамып келе жатқан өндірістердің бірі, ол адам үшін қолайлы өмір сүру ортасын құруды қамтамасыз етеді, көптеген жұмыс орындарын құрып, материалдық өндірістің бірқатар байланысты салаларын дамытады.

Құрылыс өндірісі - құрылыстың дайындық және негізгі кезеңдерінде, соның ішінде ғимараттың жер асты және жер үсті бөліктерінің құрылысын, барлық әрлеу жұмыстары мен санитарлық-электрлік жабдықтарды, элеваторларды және т.б. салу жұмыстарының жиынтығы.

Құрылыс өндірісі ғылыми-зерттеу және өндіріс бағыттары ретінде технологиялық және құрылыс өнімін ұйымдастыруды біріктіреді, әр ғылымның айқын мәні мен ғылыми негіздері бар.

Жалпы мағынада - қажетті өнімдерді алу процесінде жүзеге асырылатын материалдарды немесе жартылай фабрикаттарды өндіру немесе өңдеу әдістерінің жиынтығы. Технологияның міндеті қазіргі заманғы ғылыми жетістіктер мен өндірістік тәжірибе негізінде жаңа, тиімді және үнемді технологиялық процестерді жасау және енгізу болып табылады.

1 Сәулет-құрылыс бөлімі

Құрылыс нысаны Павлодар қаласының, Тәуелсіздік даңғылы бойында орналасқан, қазіргі ережелер мен нормаларға сәйкес құрастырылып, есептелінген ресторан

Құрылыс жүретін аумақта қар салмағы – 0,7 кПа (кгс/м²) [1, В-қосымшасы.];

Желдің қысымы – 0.45 кН (III) [8, 5-кесте, 9б.];

Салынайын деп жатқан ғимараттың өртке қарсылық дәрежесі – II [2, 1-кесте, 9б.].

Павлодар қаласында орналасқан құрылыс пунктінің ауа-райы мәліметтері 1-кестеде көрсетілген [3, 1-кесте, 4б.]. Объект IIIA климаттық ауданда орналасқан [А қосымшасын қараңыз].

Құрылыс алаңында сейсмикалық әсер жоқ

Топырақтың кату тереңдігі 1,6 м

Кесте 1.1 – ауаның есептік температурасы


Сыртқы ауаның есептік температурасы, °C						Ең суық айдағы орташа температура (қаңтар)	Ең жылы айдағы орташа температура (шілде)
Абсолюттік минималдық температура, °C	Ең суық бес күннің орташа температурасы		Ең суық тәулік		Абсолютті к максималдық температура, °C		
			Күн дізгі	түнгі			
-32	-29	-30	-21	-32	-32	-17-ден -15-ке дейін	+25 және жоғары

1.1 Жалпы мәліметтер

Жобаланған құжатқа сәйкес, өлшемдері 26,4*29,15 м болатын көпқырлы формада тұрғызылатын 2 қабатты ресторан ғимарат. Ресторан жертөлесіз, алғашқы қабатының биіктігі 4,5 м, жалпы биіктігі 11,900 м болады. Нысан сыртқы қабырғасы 420 мм, ал ішкі бөлуге арналған қабырғалар 200 мм. Жалпы тұрғызылатын ғимарат қолданыста болатын ауданы 651,66 м², ал құрылыс алаңы 769,56 м².

Алаңды сәулеттендіру және көгаландыру. Ресторан және жолдар орналаспаған аумақта жасыл желектендіру жұмыстары жасалынады, сәндік ағаштар отырғызылады. Бұл ғимаратқа көрік беруі тиіс және экологиялық талаптарға сай болады.

Ғимараттардың кірме жолдары және кіреберістер, демалыс алаңдарын ұйымдастыру. Ресторанға негізгі кірме жол Тәуелсіздік даңғылы бойымен өтеді. Желдің бағыты



1.1 сурет. Жел бағыты

1.2 Көлемдік –жоспарлық шешімдер

Нысан жобаланған формасы көпбұрышты, 2 қабатты, өлшемдері 26,4x29,15 м болып алынды. Жертөлесіз, әр қабатының биіктігі 4,5 м-ден. Жалпы биіктігі 11,9 м.

Тұрғызылатын ресторанның негізгі және бөліктеу қабырғаларының қалыңдықтары 420 және 200 мм.

Ресторанның типтік қабаттық бөлмелері келесідегідей:

Кесте 1.2 – Бөлмелер экспликациясы

Бөлмелер типі	Қабаттар		Барлығы (м ²)
	1 (м ²)	2 (м ²)	
Ет-балық цехі	18	-	
Көкөністер цехі	9	-	
Салқындатқыш камера	6,3	-	
Түсіру бөлмесі	9,2	-	
Гардероб	14,4	-	
Дәліз	59	-	

Кесте 1.2 – жалғасы

Саты	19	18	
Қызмет көрсету бөлмесі	10,1	-	
Заттар қоймасы	7	-	
Сусындарды сақтау қоймасы	6,3	-	
Қызмет ету бөлмесі	9	-	
Салқын цех	11,7	-	
Ыстық цех	18	-	
Ерлер бөлмесі	15,3	-	
Әйелдер бөлмесі	15,3	-	
Гардероб	15,3	-	
Холл	54	172,7	
Тамбур	18	-	
Зал	250	-	
Терасса	77,2	77,8	
Ыдыс жуу бөлмесі	9,9	-	
Барлығы	652	268,5	920,5

1.3 Ғимарат қасбетінің композициялық шешімдері

Қоғамдық тамақтану орнының қасбеті сәулетшілік әрі шығармашылық жағынан көркем, заманауи талаптар ескеріле отырып көрікті жасалынған.

Ғимараттың сыртқы өңдеуі әрлеуші кірпіш пен витражды терезелер арқылы әсемделген. Қасбет түсі қалаушылар шешімімен өзгертуге болады.

Кесте 1.3 – Қасбетті өңдеу тізімі

Әрлеуші материал	Ауданы(м ²)
Әрлеуші кірпіш	929,003
Шыны витраж терезе	46,814

1.4 Сәулеттік-конструктивтік шешімдер

Ғимараттың сәулеттік-конструктивтік қабылдаулары нормалық талаптарға сәйкес әрі есепке алынған.

- Негізгі көтергіш қабырға газоблоктан жасалынған 200мм, жылуизоляция жасалынып 100мм сыртынан әрлеуші кірпішпен қапталынған 120мм;
- Жабын конструкциясының қалыңдығы 515 мм, оның:
 - 200мм темірбетон жабын тақта;

- 75мм 1-ші қабатты құйма;
- 200 мм жылуизоляция;
- 30 мм 2-ші қабатты құйма
- 10 мм шатыр жабыны
- Терезелер мен витражды есіктер ағаш және алюминий өнімінен;
- Аралық қабырғалар қалыңдығы –200 мм
- Аражабындар дыбыс, жылу, қаттылық және беріктік биіктіктің талаптарына сәйкес келіп, -0,270 пен 4,230 белгілерінде 270 мм, оның:
 - 200мм темірбетон жабын тақта;
 - 50мм құйма;
 - 20 мм керамогранит;
- Саты темірбетонды, әрбір саты биіктігі 150 мм
- Есік өлшемдері стандартты нормалар МСТ 30295 бойынша тағайындалды. Объекте бір ашпалы есіктер 900х2100 мм өлшемді қамтыса, ал екі ашпалы есіктерге 2100х2100 мм және 1800х2100 мм өлшемдері тағайындалған. Барлық есіктер саңылаулы және күшейтілген болып келеді, төтенше жағдайға сәйкес, эвакуацианы қамтамасыз етуге қолайлы қойылған. Ішкі есіктердің сыртқы есіктердегідей табалдырығы жоқ;
- Ғимараттар едендері түгелдей керамо-гранитті тақтайшамен жабылған.

1.5 Конструкциялардың жылутехникалық есебі

Салынатын ғимараттың пайдалану кезінде қолайсыздықтар туындамасы үшін оның қабырғалары берік әрі жылусақтағыш болуы тиіс. Сондықтан, жылутехникалық есептеулер арқылы қабырға және жабын тақтайшаларының қалыңдығын анықтаймыз.

Қабырға конструкциясының қабат сипаттамалары:

Кесте 1.3 – Қабырға конструкциясының сипаттамасы

Сыртқы қабырға қабаттарының атауы	Тығыздығы $\gamma, \left[\frac{\text{кг}}{\text{м}^3} \right]$	Қабат қалыңдығы $b, [\text{м}]$	Жылу өткізгіш коэффициенті $\lambda, \left[\frac{\text{Вт}}{\text{м} \times ^\circ\text{C}} \right]$	Жылу сіңіру коэффициенті $s, \left[\frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \times ^\circ\text{C}} \right]$
Газоблок	800	0,2	1,1	10,1
Кірпіш	1950	0,12	0,35	6,8
Жылытқыш	50	0,1	0,2	0,6

Қабырғаның жылу беру кедергісі [4, 1-формуласы, 5б.]:

$$R_0^{\text{mp}} = \frac{n \times (t_b - t_H^5)}{\alpha_b \times \Delta t_H} \quad (1.1)$$

мұндағы,
 $t_b = 25^\circ\text{C}$ – ішкі ауаның есептік температурасы [5, 4.2-кестесі, 9б.];
 $t_H = -30^\circ\text{C}$ - сыртқы қабырғаның ең суық бес күндіктің ауа температурасы - [3, 1-кестесі, 4б.];
 $n=1$ – конструкцияның сыртқы бетінің ауаға қатысты позициясы коэффициенті [4, 3-кестесі, 4б.];
 $\Delta t_H = 3^\circ\text{C}$ - жабын конструкциясының ішкі ауасы және ішкі бет температурасының стандартты айырмашылығы [4, 2-кестесі, 4б.];
 $\alpha_b = 7,6 \frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \times ^\circ\text{C}}$ - қоршау конструкциясының ішкі бетінің жылу беру коэффициенті [4, 4-кестесі, 4б.];

$$R_0^{\text{mp}} = \frac{1 \times (25 - (-3))}{7.6 \times 3} = 2.41 \frac{\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}.$$

Жылыту уақытының дәрежесі [4, 1а-формуласы, 4б.]:

$$\text{ЖУД} = (t_b - t_{\text{п}}^{\text{орт}}) \times z_{\text{от}} \quad (1.2)$$

мұндағы,
 $t_b = 25^\circ\text{C}$ – 1.1-формула бойынша [5, 4.2-кестесі, 9б.];
 $t_{\text{п}}^{\text{орт}} = -4,3^\circ\text{C}$ - жылыту уақытының орташа температурасы - [4, 3-кестесі, 4б.];
 $z_{\text{от}} = 151$ тәулік - жылыту кезеңінің ұзақтығы – [4, 1-кестесі].

$$R_0^{\text{пр}} = 5,4 \frac{\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}.$$

Қажетті кедергі мәні: $R_0^{\text{пр}} = 5.4 > R_0^{\text{mp}} = 2.41$

Барлық конструкциялық қабаттардың (жылыту қабатынан бөлек) термиялық қосындысы [4, 3-формуласы, 5б.]:

$$\sum R_i = \frac{\delta_1}{\lambda_1} + \frac{\delta_2}{\lambda_2} + \dots + \frac{\delta_i}{\lambda_i} \quad (1.3)$$

мұндағы,
 δ – қабат қалыңдығы;
 λ – жылу өткізгіш коэффициенті.

$$\sum R_i = \frac{0.2}{1.1} + \frac{0.12}{0.35} + \frac{0.1}{0.2} = 0.182 + 0.343 + 0.5 = 1.025 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}$$

Жылытқыш қабаттың қалыңдығы:

$$\delta_{yt} = \lambda_{yt} \times \left(R_0 - \frac{1}{\alpha_b} - \sum R_i - \frac{1}{\alpha_H} \right) \quad (1.4)$$

мұндағы,

$\alpha_H = 25 \frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \times ^\circ\text{C}}$ - қоршау конструкциясының сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті - [4, 6-кестесі, 7б.].

$$\delta_{yt} = 1,3 \times (5,4 - 1/7,6 - 1,025 - 1/25) = 4,98 \text{ м}$$

Жылытқыш қабаттың термиялық кедергісі [4, 3-формуласы, 5б.]:

$$-R_{yt} = \frac{\delta_{yt}}{\lambda_{yt}} \quad (1.5)$$

$$-R_{yt} = \frac{4,98}{1,3} = 3,83 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}.$$

Көп қабатты конструкцияның жылуөткізгіштік кедергісін төмендегі формула [4, 4-формуласы, 7б.] бойынша анықтаймыз:

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_b} + R_{yt} + \sum R_i + \frac{1}{\alpha_H} \quad (1.6)$$

$$R_0 = \frac{1}{7,6} + 3,83 + 1,025 + \frac{1}{25} = 5,39 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}$$

Төмендегі шарт бойынша, $R_0 = 5,39 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}} \geq R_0^{\text{мр}} = 4,98 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}$ жылытқыш қабаты дұрыс қабылданған.


Жабын конструкциясының қабат сипаттамалары:

Кесте 1.4 – Жабын конструкциясының қабаттары

Сыртқы қабырға қабаттарының атауы	Тығыздығы $\gamma, \left[\frac{\text{кг}}{\text{м}^3} \right]$	Қабат қалыңдығы $b, [\text{м}]$	Жылу өткізгіш коэффициенті $\lambda, \left[\frac{\text{Вт}}{\text{м} \times ^\circ\text{C}} \right]$	Жылу сіңіру коэффициенті $s, \left[\frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \times ^\circ\text{C}} \right]$
---	--	---------------------------------------	--	--

Кесте 1.4 Жалғасы

Керамогранитті тақта	290	0,02	1,2	0,9
Цементті құйма	1800	0,05	0,64	9,1
Темірбетон	2500	0,2	0,71	1,3



Сурет 1.2 – Жабын тақтасының көлденең қимасы.

Жылыту уақытының дәрежесі [4, 1а-формуласы, 4б.]:

$$\text{ЖУД} = (t_b - t_{\text{п}}^{\text{орт}}) \times z_{\text{от}}$$

мұндағы, 1.2-формула бойынша,

$t_b = 25^\circ\text{C}$ – 1.1-формула бойынша [5, 4.2-кестесі, 9б.];

$t_{\text{п}}^{\text{орт}} = -30^\circ\text{C}$ – жылыту кезеңінің орташа температурасы - [4, 3-кестесі, 4б.];

$z_{\text{от}} = 151$ тәулік - жылыту кезеңінің ұзақтығы – [4, 1-кесте].

$$\text{ЖУД} = (25 - (-30) \times 151) = 8305$$

$$R_0^{\text{пр}} = 4,8 \text{ м}^2\text{C/Вт}$$

Барлық конструкциялық қабаттардың (жылыту қабатынан бөлек) термиялық қосындысы 1.3-формула бойынша анықтаймыз:

$$R_i = [4,8 - (\frac{1}{7,6} + \frac{0,02}{1,2} + \frac{0,5}{0,64} + \frac{0,2}{0,71}) \times 0,042] = 0,144$$

Жылуоқшаулағыштың қабылданған қалыңдығы: $b_2 = 0,1\text{м}$

Жылу берілетін қабырғаның белгіленген конструкциясының кедергісі 1.6 формула бойынша анықталады:

$$R_0 = \frac{1}{7,6} + \frac{0,02}{1,2} + \frac{0,5}{0,64} + \frac{0,2}{0,71} = 5,51 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}$$

Жабын тақтасының белгіленген жарамдылығын тексереміз:

$$R_0^{\text{np}} = 5,4 \frac{\text{M}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{BT}} < R_0 = 5,51 \frac{\text{M}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{BT}}$$

2. Есептік конструктивтік шешімдер

2.1. Есептік схема және жүктемелер кестесі

Жоба бойынша тұтас құймалы темірбетонға тағайындалған материалдар төмендегідей сипаттамаларға ие:

- Ауыр бетон кластары – В25;
 - Арматура класы – А-500 (АІІ эквиваленті).
- Сонымен қатар, элементтер қимасы:
- Газоблокты қабырға – 200 мм.
 - Жылуоқшаулағыш – 100 мм
 - Өрлеуіш кірпіш қабаты – 120 мм
 - Тұтас құймалы аражабын қалыңдығы – 200 мм.
 - Құйма - 50 мм
 - Керамогранит – 20 мм
 - Тұтас құймалы жабын қалыңдығы – 200 мм.
 - Құйма 1-ші қабаты – 75 мм
 - Жылуоқшаулағыш – 200 мм
 - Құйма 2-ші қабаты – 30 мм
 - Шатыр жабыны – 10мм

Жүктемелерді жинақтау

Кесте 2.1 - Конструкцияларға түсетін жүктемелерді жинақтау кестесі.

Қабат және жүктеме түрінің атауы	Өлш. бірл.	Жүктеме нормативтік мәні	Жүктеме сенімділік коэфф., γ_f	Жүктеме есептік мәні
Жабынға түсетін жүктеме				
Тұрақты жүктеме				
Шатыр жабыны, $\delta = 10 \text{ мм}, \rho = 930 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	9,3	1,05	9,765
Құйма 2-ші қабат, $\delta = 30 \text{ мм}, \rho = 1800 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	54	1,3	57,6

Кесте 2.1 Жалғасы

Жылытқыш қабат, $\delta = 200 \text{ мм}, \rho = 50 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	10	1,1	11
Құйма 1-ші қабат $\delta = 75 \text{ мм}, \rho = 1800 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	135	1,3	175,5
Барлығы (аражабынсыз):	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	208,3		419,6
Жоспар бойынша аражабынға түсетін жүктеме І типі				
Тұрақты жүктеме				
Керамикалы тақта $\delta = 20 \text{ мм}, \rho = 290 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	5,8	1,2	6,96
Цементті құйма $\delta = 50 \text{ мм}, \rho = 1800 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	90	1,3	117
Барлығы (аражабынсыз):	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	95,8		123,96
Уақытша жүктеме				
Ұзақ мерзімді	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	100	1,3	130
Қысқа мерзімді	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	300	1,2	360
Сатыға түсетін жүктеме				
Тұрақты жүктеме				
Фактурланған (сырғанауға қарсы) керамогранит, $\delta = 10 \text{ мм}, \rho = 290 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	0,29	1,2	0,348
Желім, $\delta = 5 \text{ мм}, \rho = 2100 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	10,5	1,3	13,65
Цементті құйма, $\delta = 35 \text{ мм}, \rho = 1800 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	63	1,3	81,9
Барлығы (аражабынсыз):	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$			95,898
Уақытша жүктеме				
Ұзақ мерзімді	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	140	1,3	182
Қысқа мерзімді	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	400	1,2	480
Сыртқы көтергіш конструкция				
Тұрақты жүктеме				

Кесте 2.1 Жалғасы

Газоблокты қабырға, $\delta = 200 \text{ мм}, \rho = 800 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3},$ $h = 4,5 \text{ м.}$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	160,2	1,2	192,24
Жылуоқшаулағыш, $\delta = 50 \text{ мм}, \rho = 200 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3},$ $h = 4,5 \text{ м.}$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	39	1,2	46,8
Өрлеуіш кірпіш $\delta = 120 \text{ мм}, \rho = 1950 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3},$ $h = 4,5 \text{ м.}$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	150,4	1,2	180,48
Барлығы (1 м ұзындыққа):	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$			419,52
Ішкі көтергіш конструкция				
Тұрақты жүктеме				
Кірпіштік қалау, $\delta = 200 \text{ мм}, \rho = 400 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3},$ $h = 4,5 \text{ м.}$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	230,8	1,2	276,96
Барлығы (1 м ұзындыққа):	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$			276,96

Қар жүктемесі

Қар жүктемесінің жабынға түсіретін есептік мәні [7, 3-формуласы, 637 б.]:

$$p = s \times n \quad (2.1)$$

мұндағы,

$s = s_g \times \mu = 70 \times 0.8 = 56 \text{ кгс/м}^2$ – қар жүктемесінің жабынға түсіретін нормативтік мәні [8, 5-формуласы, 9б.];

$s_g = 80 \text{ кгс/м}^2$ – қар төсемінің 1 м² горизонталь жерге түскен есептік салмағының мәні [8, 4-кестесі, 9б.];

$\mu = 0,8$ – жерге түсетін қар жүктемесінің салмағынан қар төсемінің көшу коэффициенті [8, 5.3-5.6пп. 9б.];

$n = 1.4$ – шамадан тыс жүктеме коэффициенті [7, 637б.].

$$p = s \times n = 56 \times 1,4 = 78,4 \text{ кг/м}^2.$$

Жел жүктемесі

Жел жүктемесінің мәнін келесі формула арқылы таба аламыз [8, 6-формуласы, 10б.]:

$$\omega_m = \omega_0 \times k \times c \quad (2.2)$$

мұндағы,

$\omega_0 = 0.45$ кПа – жел қысымының нормативтік мәні [1, Ж-қосымшасы, 176 б.];

$k = 0.74$ – жел қысымының биіктік бойынша өзгеріс коэффициенті [8, 6-кестесі, 11б.]

Жел үстінде $c = c_e = 0.8$ [7, 6-кестесі, 640б.]:

$$\omega_m = 0,45 \times 0,74 \times 0,8 = 0,27 \text{ кПа}$$

Жел астында $c = c_e = 0.6$ [7, 6-кестесі, 640б.]:

$$\omega_m = 0.45 \times 0.74 \times 0.6 = 0.2 \text{ кПа}$$

Белгілі бір биіктіктегі жел жүктемесінің нормативтік мәні [8, 8-формуласы, 11б.]:

$$\omega = \omega_m \times z \quad (2.3)$$

мұндағы,

$\omega_m = 0.2$ кПа – жел жүктемесінің мәні, 2.2 –формула бойынша;

$z = 11,9$ м – ғимарат биіктігі.

Жел үстінде:

Нормативті мәні:

$$\omega = 0.27 \times 11.9 = 3.21$$

Есептік мәні:

$$\omega = 0.27 \times 1.2 \times 11.9 = 3.86$$

Жел астында:

Нормативті мәні:

$$\omega = 0.2 \times 11.9 = 2.38$$

Есептік мәні:

$$\omega = 0.2 \times 1.2 \times 11.9 = 2.86$$

2.2 Арқалық конструкциясының жобасы және есебі

Бізге берілген аралық бм, осы араға арқалық өлешмдерін таңдау үшін келесідегідей шарттарды орындауымыз қажет:

- Арқалықтың биіктігі аралықтың 1/10 қатынасынан көп, 1/20 қатынасынан аз болмауы керек
- Арқалық ені (0,3-0,5) x h аралығында алынады

Арқалық ұзындығы – $l = 6000$ мм

Арқалық қимасы – 600x300мм мен 300x90мм аралығынан таңдай аламыз

Біздің таңдауымыз 400x200мм шартқа сай келеді

Оның есептік аралығы (ұстын шеттерінен):

$$l_0 = l - h = 6000 - 400 = 5600 \text{ мм.}$$

Кесте 2.2-Ішкі күштердің есептік әсерлері

Есептік әсерлері	Шеткі қабырға	Ортаңғы қабырға	Аралық
M [кНм]	-64,25	38,04	113,28
Q [кНм]	65,22	-17,06	-

Материалдардың сипаттамалары:

Ауыр бетон класы – В 25 [9, 2пп., 7б.];

Арматура класы – А-500;

Бетонның қарсыласу кедергісі - $R_b = 14,5 \cdot 1,0 = 14,5 \text{ МПа}$ [9, 8-кесте, 12б.] ($\gamma_{b_2} = 1$ – жұмыс шартының коэффициенті [9, 8-кесте, 12б.];

Серпімділік модулі - $E_b = 27 \cdot 10^3 \text{ МПа}$ [9, 11-кесте, 14б.];

$R_s = 435 \text{ МПа}$;

$R_{sc} = 400 \text{ МПа}$;

$E_s = 2 \cdot 10^5 \text{ МПа}$.

Қорғау қабаты – $a = a' = 50 \text{ мм}$.

Ортаңғы аралықтағы қима:

Аралықтағы созылмалы көлденең арматура үшін [9, 22-формуласы, 24б.]:

$$M = 113,28 \times 10^6 \text{ Нхм}$$

$$\alpha_m = \frac{M}{R_b b h_0^2} \quad (2.4)$$

$$\alpha_m = \frac{113,28 \times 10^6}{14,5 \times 1 \times 200 \times 350^2} = 0,22$$

α_m арқылы $\xi = 0,26$, $\zeta = 0,89$ [9, 18-кестесі, 20б.].

Сығылған аймақтың шекаралық биіктігін мына формула бойынша анықтаймыз [9]:

$$\xi_R = \frac{\omega}{\left[1 + \left(\frac{R_s}{\sigma_{scu}}\right)\left(1 - \frac{\omega}{1,1}\right)\right]} = \frac{0,734}{\left[1 + \left(\frac{435}{400}\right)\left(1 - \frac{0,734}{1,1}\right)\right]} = 1,08 \text{ см}$$

мұндағы, ω – бетонның сығылу сипаттамасы:

$$\omega = \alpha - 0,008 \times R_b \times \gamma_{b_2} = 0,85 - 0,008 \cdot 1 \cdot 14,5 = 0,734$$

мұндағы, α – бетонға байланысты таңдалатын коэффициент.

$\sigma_{scu} = 400$ МПа, бетон түріне байланысты $\gamma_{b_2} = 1$ болған кездегі мәні [9, 226].

$\xi_R > \xi$, шарт орындалады, сол себепті аралықтағы арматура ауданы келесі мәнге ие болады [9, 23-формуласы, 246]:

$$A_s = \frac{M}{R_s h_0 \zeta} \quad (2.5)$$

$$A_s = \frac{M}{R_s h_0 \zeta} = \frac{112,5 \times 10^6}{435 \times 350 \times 0,88} = 8,39 \text{ см}^2$$

Есептер бойынша, **4Ø18, $A_s = 10,18 \text{ см}^2$** қабылданды.

Арқалықтың беріктікке есебі

Максималды түскен көлденең күш – $Q_{\max} = 65,22$ кН. Көлденең түсетін бойлық арматуралардың диаметрі - Ø32 мм [12, 9-қосымшасы] таңдалады. Бізге қажеттісі, ол диаметрі $d_{sw} = 8$ мм болатын, $A_s = 1,08 \text{ см}^2$ -ге тең арматура ауданына тең. $R_{sw} = 270$ МПа (A500)

Қаңқа саны 2-ге тең болғандықтан, $A_{sw} = 2 \times 1,08 = 2,16 \text{ см}^2$

Көлденең түсетін арматуралар құрылымдық шарты бойынша:

$$s = \frac{h}{3} = 133,3 \text{ мм} \approx 150 \text{ мм.}$$

Тірек аймақтарына $s = 150$ мм, қалған аймақтарына $s = 200$ мм деп қабылдаймыз.

Қамыттардағы бір ұзындыққа түскен әсерді анықтаймыз [9, 55-формуласы, 36-бет]:

$$q_{sw} = \frac{R_{sw} \times A_{sw}}{s} \quad (2.6)$$

$$q_{sw} = \frac{270 \times 2.12 \times 100}{15} = 3815 \frac{\text{Н}}{\text{см}}$$

Қамыттарды есептеген кезде, [9] төмендегі шарт орындалу керек:

$$q_{sw} \geq \frac{Q_{bmin}}{2h_0} \quad (2.7)$$

мұндағы, Q_{bmin} – бетонға түсетін көлденең күштің ең аз мәні [9, 356.]:

$$Q_{bmin} = \varphi_{b3}(1 + \varphi_f) \times R_{bt} \times b \times h_0 \quad (2.8)$$

мұндағы,

$\varphi_{b3} = 0,6$, ауыр бетон үшін [9, 21-кестесі, 356.].

$R_{bt} = 1.05 \text{ МПа}$ - бетонның созылу кедергісі ($\gamma_{b2} = 1$, [9,8-кесте,126.].

$$Q_{bmin} = 0,6 \times 1,05 \times 200 \times 350 = 44,1 \text{ кН}$$

$$q_{sw} = 38.15 \text{ кН/м} \geq \frac{44,10 \times 10^3}{2 \times 350},$$

Шарт қанағаттандырады.

$$s_{max} = \frac{\varphi_{b3} \times R_{bt} \times b \times h_0^2}{Q} \quad (2.9)$$

$$s_{max} = \frac{0.6 \times 1.05 \times 20 \times 35^2(100)}{65,22 \times 10^3} = 37,23 > s = 15 \text{ см.}$$

$M_b = 69.45 \text{ кНм}$

Біртекті таралған жүктеме [9, 3.32 п., 366.]:

$$q_1 = g_{\text{тол}} + \frac{g_{\text{уақыт}}}{2} \quad (2.10)$$

мұндағы, $g_{\text{тол}}$ – толық жүктеме, $g_{\text{тол}} = 4.95 \text{ кН/м}$

$g_{\text{уақыт}}$ – уақытша жүктеме, $g_{\text{уақыт}} = 0.55 \text{ кН/м}$

$$q_1 < 0,56 \times q_{sw} \quad (2.11)$$

$$q_1 = 4,95 + \frac{0,55}{2} = 5,225 \frac{\text{кН}}{\text{м}} < 0,56 \times q_{sw} = 35,13 \text{ кН/м.}$$

Жоғарыдағы шарттың орындалуына байланысты, $c = \sqrt{\frac{M_g}{q_1 + q_{sw}}}$ тең деп есептейміз. Мұндағы, c – бойлық оське түскен проекция қимасының ұзындығы [9, 3.32 пункті].

$$c = \sqrt{\frac{66,29 \times 10^5}{3815 + 5600}} = 26,28 \text{ см} < 3,33h_0 = 111,5 \text{ см}$$

сонымен қатар, [9, 3.31 пункті]:

$$Q_b = \frac{M_b}{c} > Q_{bmin} \quad (2.12)$$

$$Q_b = \frac{65,22 \times 10^5}{26,28} = 255,42 \text{ кНм} > Q_{bmin} = 44,10 \text{ кНм}.$$

Бұл шарттың орындалуы, сыртқы жүктемеден әсер алатын көлденең күш келесідей формулаға теңестіреді [9, 3.32 пункті]:

$$Q = Q_{max} - q_1 \times c \quad (2.13)$$

мұндағы, Q_{max} – тірек қимасындағы көлденең күш, ЕӨУ-кестесінен (кесте-2.2) алынған.

$$Q = 64,25 \times 10^3 - 5,225 \times 0,2628 \times 10^3 = 63,85 \times 10^3 \text{ Н}$$

Проекцияның есептік көлденең қимасының ұзындығы [9, 56-формуласы]:

$$c_0 = \sqrt{\frac{M_g}{q_{sw}}} \quad (2.14)$$

$$c_0 = \sqrt{\frac{64,25 \times 10^5}{38,15 \times 10^3}} = 13,57 \text{ см} < 2h_0 = 70 \text{ см}$$

$c_0 < c$; $c_0 < 2h_0$; $c_0 \geq h_0$, егер $c > h_0$.

Шарт орындалады.

Қамыттарға тұратын көлденең әсер ету күші [9, 54-формула]:

$$Q_{sw} = q_{sw} \times c_0 \quad (2.15)$$

$$Q_{sw} = 38,15 \times 10^3 \times 13,57 = 516,125 \text{ кН.}$$

Беріктік шарты [9, 3.31пункті]:

$Q = 63,85 \text{ кН} \leq Q_b + Q_{sw} = 44,10 + 516,125 = 560,225 \text{ кН}$, беріктік қамтамасыз етілді.

Көлденең түскен сызаттар мен сығылған аймақтың арасындағы беріктік шартын тексеру үшін [9, 47-формуласы] қолданылады:

$$Q \leq 0.3 \times \varphi_{w1} \times \varphi_{b1} \times R_b \times b \times h_0 \quad (2.16)$$

мұндағы, $\varphi_{w1} = 1 + 5 \times \alpha \mu_w < 1.3$ – қамыттардың күшін көрсету коэффициенті.

$$\alpha = \frac{E_s}{E_b} = \frac{2 \times 10^5}{3 \times 10^4} = 0.06$$

$$\mu_w = \frac{A_{sw}}{b \times s} = \frac{1.06}{30 \times 15} = 0.002$$

$$\varphi_{w1} = 1 + 5 \times 0.06 \times 0.002 = 1.0006 < 1.3$$

φ_{b1} – төмендегі формула арқылы табуға болатын коэффициент:

$$\varphi_{b1} = 1 - \beta R_b$$

мұндағы, $\beta = 0.01$ – ауыр бетон үшін.

$$\varphi_{b1} = 1 - 0,01 \times 14,5 = 0,855$$

$$Q = 65,22 \times 10^3 \text{ Н} \leq 0.3 \times 1,0006 \times 0,855 \times 14,5 \times 20 \times 35(100) = 370225 \text{ Н}$$

Шарт орындалады.

3. Құрылыс өндірісінің технологиясы

3.1 Ғимараттың жер асты бөлімін тұрғызу

Бастапқы мәліметтер

Ғимарат – екі қабатты ресторан

Іргетас табанының деңгейі – 1800 мм

Шұңқыр табанының деңгейі – 1800 мм

Шұңқыр тереңдігі – 1800 мм

Топырақ түрі – саздақ

Топырақ тобы – 2

Топырақ тасымалдау арақашықтығы – 10 км

Ғимараттың өлшемдері – $a \times b = 26400 \times 29150$ мм

Құйылмалы таспалы темірбетон іргетас

Іргетас құю үшін 3 жұмыс жасалынады

- Қалып дайындалады
- Арматуралы қаңқа дайындалады
- Бетон құйылады

Қалып орнату жұмыстары ірі қалқанды қалыптармен жасалынады. Оларды берік етіп орнатқан соң арматура және бетон жұмыстарын бастауға болады. Қаңқасын дайындау кезінде бойлық арматура қабырғалы, көлденең арматура ретінде тегіс арматура қолданамыз.

Бұл шешімдер бетон құймасын құйғанда жеңіл, аз кедергіге жолығу арқылы құйылады. Ол жұмыстың қиындықсыз әрі тиянақты болуына әсер етеді. Іргетас қажетті беріктікке жеткенде қалыптарды шешу жұмыстары жүргізіледі.

3.1.1 Жер жұмыстарының көлемін анықтау

Шұңқыр көлемін анықтау[15, 55]:

$$V = \left(\frac{a_1 + a_2}{2} \right) \times H \times L = \frac{0,5 + 2,8}{2} \times 2.3 \times 100.5 = 381.397 \text{ м}^3 \quad (3.1)$$

мұндағы,

a_1 – шұңқыр табаны бойынша ені:

$$a = 0,5 \text{ м}$$

a_2 – шұңқыр беті бойынша ені:

$$a_2 = H * m + a_1 + H * m = 2.3 * 0.5 + 0.5 + 2.3 * 0.5 = 2.8 \text{ м}$$

$$a = 2,8 \text{ м}$$

Н –шұңқырдың биіктігі:

$$H_1 = 2,3 \text{ м}$$

L – шұңқырдың алаң бойынша ұзындығы

Топырақты қайта көму көлемі [15, 55]:

$$V_{\text{қк}} = \frac{V_{\text{ш}} - V_{\text{ж}}}{1 + \kappa_{\text{қк}}} \quad (3.2)$$

мұндағы,

$V_{\text{ж}}$ – шұңқырдан алынатын топырақ көлемі:

$$V_{\text{ж}} = L \times a_1 \times H = 100,5 \times 0,5 \times 2,3 = 115,575 \text{ м}^3$$

$\kappa_{\text{қк}}$ – топырақтың қалдық қопсыту коэффициенті, саздақ үшін $\kappa_{\text{қк}} = 4\%$.

$$V_{\text{қк}} = \frac{381,397 - 115,575}{1 + 0,04} = 255,56 \text{ м}^3$$

Топырақты тығыздау ауданы:

$$\begin{aligned} S_{\text{тығ}} &= \frac{V_{\text{ш}}}{0,2} \\ S_{\text{тығ}} &= \frac{381,397}{0,2} = 1906,985 \text{ м}^2 \end{aligned} \quad (3.3)$$

Үйіндіге аударылатын топырақ көлемі:

$$V_{\text{үйінді}} = V_{\text{қк}} \quad (3.4)$$

$$V_{\text{үйінді}} = 255,56 \text{ м}^3$$

Автокөліктерге аударылатын топырақ көлемі:

$$V_{\text{авт}} = V_{\text{ш}} - V_{\text{қк}} \quad (3.5)$$

$$V_{\text{авт}} = 381,397 - 255,56 = 125,837 \text{ м}^3$$

Өсімдік қабатын кесу:

$$V_{\text{кесу}} = \frac{a \times 2b}{1000} \quad (3.6)$$

$$V_{\text{кесу}} = \frac{26,4 \times 29,15}{1000} = 0,77 \text{ м}^2$$

3.1.2 Жер жұмыстарын жүргізу бойынша құрылыс машиналарын таңдау

Экскаватор – құрылыстағы ең негізгі машиналардың бірі. Оның түрі көп болғандықтан, қазаншұңқырды қазу үшін дұрыс таңдаған жөн, топырақ түріне байланысты, олар тік және кері күректі, бір немесе екі ожаулы болып келеді. Құм үшін бір ожаулы, кері күректі экскаватор таңдалады.

Қазаншұңқыр көлемі арқылы экскаватордың ожау сыйымдылығын анықтаймыз [16, 2.5-кесте, 426]:

$$V_{\text{ш}} = 381,397 \text{ м}^3 \text{ демек, } V_{\text{ожау}} = 0,5 \text{ м}^3$$

1. Механикалық жетек үшін Volvo EW205D маркалы экскаватор:

$$V_{\text{ожау}} = 0,5 \text{ м}^3$$

2. Гидравликалық жетек үшін HITACHI ZX 210 W-3 маркалы экскаватор:

$$V_{\text{ожау}} = 0,65 \text{ м}^3$$

Ожау сыйымдылығы бойынша таңдалған екі экскаватордың әрқайсысының экономикалық жақтарын салыстырамыз. Бұл бізге тиімді экскаватор таңдауға көмектеседі.

Экскаватордың жұмыс істеу ауысымдар саны:

$$\sum n_{\text{маш.ауысым}} = \frac{\left[\frac{V_{\text{үйінді}}}{100} \times N_2 + \frac{V_{\text{авт}}}{100} \times N_1 \right]}{8} \cdot 2 \quad (3.7)$$

мұндағы,

N_1 – топырақты автосамосвалдарға аударғандағы экскаватордың уақыт мөлшері;

N_2 – топырақты үйіндіге аударғандағы экскаватордың уақыт мөлшері;

Кесте 3.3- Эскаваторлардың уақыт-баға нормасы

Механикалық жетекті Volvo EW205D	Гидравликалық жетекті HITACHI ZX 210 W-3
$N_1 = \frac{2.6}{2.76}$	$N_1 = \frac{2.1}{2.23}$
$N_2 = \frac{2.1}{2.23}$	$N_2 = \frac{1.8}{1.91}$

Эскаватордың жұмыс істеу өнімділігі [16, 43]:

$$\sum P_{\text{ауысым.өнім.}} = \frac{V_{\text{к}}}{\sum n_{\text{маш.ауысым}}} \quad (3.8)$$

Механикалық жетекті Volvo EW205D эскаваторының жұмыс істеу ауысым саны:

$$\sum n_{\text{маш.ауысым}} = \frac{\left[\frac{255,56}{100} \times 2.23 + \frac{125,837}{100} \times 2.76 \right]}{8.2} = 1.121$$

Volvo EW205D эскаваторының бір ауысымдағы жұмыс істеу өнімділігі:

$$\sum P_{\text{ауысым.өнім.}} = \frac{381,397}{1.121} = 340$$

Гидравликалық жетекті HITACHI ZX 210 W-3 эскаваторының жұмыс істеу ауысым саны:

$$\sum n_{\text{маш.ауысым}} = \frac{\left[\frac{255,56}{100} \times 1.91 + \frac{125,837}{100} \times 2.23 \right]}{8.2} \approx 0,939$$

HITACHI ZX 210 W-3 эскаваторының бір ауысымдағы жұмыс істеу өнімділігі:

$$\sum P_{\text{ауысым.өнім.}} = \frac{381,397}{0,939} = 406.17$$

1м³ топырақты экскаватормен өңдеу бағасы [16, 43]:

$$\sum C = \frac{1.08 \times C_{\text{маш.ауысым}}}{P_{\text{ауысым.өнім.}}} \quad (3.9)$$

Volvo EW205D экскаваторымен 1м³ топырақты өңдеу бағасы:

$$\sum C = \frac{1.08 \times 28.78}{340} = 0.091$$

HITACHI ZX 210 W-3 экскаваторымен 1м³ топырақты өңдеу бағасы:

$$\sum C = \frac{1.08 \times 33.62}{406.17} = 0.089$$

Қорытынды: Техника экономикалық жақтарын салыстыру нәтижесінде экскаватордың келесі маркасы тиімді болып шықты:

HITACHI ZX 210 W-3

Өсімдік қабатты кесу, топырақты тегістеу және топырақты қайта көму үшін экскаватормен бірге келесі механизмдерді қабылдаймыз:

